

Шет елдік профессорлардың дәрістері

2018 жылдың қазан айында Абай атындағы ҚазҰПУ -дің Өнер, мәдениет және спорт институтына Литвадан(Ұлы Витовата атындағы Вильнюс Мемлекеттік университеті) профессор Каратаене Даля Рамуте мен Ресей Федерациясынан(Алтай Мемлекеттік университеті) профессор Лариса Ивановна Нехвядович келіп, Өнер, мәдениет және спорт институтының магистранттары мен докторанттарына классикалық шетел өнер тарихы мен өнертанудың методологиясынан, жаһандану жағдайындағы ұлттық және заманауи көркемсуреттік мектептердің проблемалары жөнінде дәріс оқыды.



Дәрістер тақырыптар бойынша аудио және бейне материалдарын көрсетумен ұласты. Тыңдармандар семинар сабақтарына белсене қатысып, сұрақтар қойып және әр тақырыпты талдауды. Шақыртылған профессорлар магистерлік диссертациялардың мазмұнына және тақырыптарына бірқатар пікірлер берді, өнертанудың терминологиялары мен ғылыми зерттеудің ғылыми аппараты жөнінде пікір алмасты. Литва мен Алтай өлкесінің жетекші университеттерімен бірлескен дипломдық магистрлік бағдарламаларды жасау ауқымында ғылыми байланысты әрі қарай дамытудың перспективаларын белгіледі.

